

ДЕОБАНД МЕКТЕБІНІҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ЭВОЛЮЦИЯСЫ ЖӘНЕ МАТУРИДИ МЕКТЕБІМЕН БАЙЛАНЫСЫ

¹А.Б.Әкімханов, ¹Ә.Жәненұлы, ²Қ.С. Бағашаров, ¹С.Оқан

АҢДАТПА

Мақалада Деобанд мектебінің қалыптасу тарихы, ғылыми бағыты мен әллі хадис танымы негізінде қалыптасқан діни санасы, жалпы дүниетанымдық эволюциясы талданады. Сонымен қатар жалпы ақидалық бағыты, дәлірек айтқанда; хабари\муташәбиһ сиппаттарға қатысты ұстанымдары мен «иман» ұғымына қатысты көзқарастары баяндалып, оған Матуриди мектебі негізінде салыстырмалы талдау жасалады. Бұған қоса Деобанд мектебінің фикһтық көзқарастары, сол көзқарастарды негіздеп отырған кітаптарға жеке-жеке тоқталып ол кітаптардың барлығы Ханафи мәзһабының канондық мәтіндерімен үндесіп-үндеспейтіні баяндалады. Себебі аталмыш кітаптар олардың оқу бағдарламасында жеті жыл бойы оқытылады. Сондай-ақ, сол фикһ кітаптарының авторларына да сипаттама беріледі. Содан кейін бұл мектептің Ханафи бағытында бола тұра, олардың консервативті бағытқа ойысу себептері айқындалады. Сол арқылы Деобанд бағытының сенім платформасы мен дүниетанымдық тірегі, яғни әллі хадистік танымы қазіргі ұстанымдарына қалай әсер еткендігі көрсетіліп, өткені мен бүгіні арасындағы айырмашылық салыстырмалы түрде талданады. Түйін ретінде аталмыш мектеп ғалымдарының Ханафи\Матуриди мектебімен арадағы байланысына баға беріледі. Осылайша Деобанд мектебінің эволюциясы қазіргі таңдағы қазақ қоғамында танылған Ханафи\Матуриди мектеп ұстанымдарымен қаншалықты сәйкесетіндігі анықталып, тұжырым жасалады.

Түйін сөздер: Деобанд, Ханафи\Матуриди, Ханафи мәзһабы, эволюция, консерватизм, әллі хадис, Дәрул-улум Деобанд.

¹Нұр-Мүбәрак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

²СДУ университеті, Қаскелең, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Жәненұлы Ә.
adilzhanan@gmail.com

Мақаланың сілтемесі:
Әкімханов А.,
Жәненұлы Ә., Бағашаров Қ.,
Оқан С. Деобанд мектебінің
дүниетанымдық эволю-
циясы және Матуриди
мектебімен байланысы //
Адам әлемі. – 2025.
– №1 (103). – Б. 159-168.

Мировоззренческая эволюция образовательного учреждения Деобанд и её связь с Матуридитской школой вероучения

Аннотация: В статье анализируется история становления школы Деобанда, ее научное направление, а также эволюция религиозного сознания и общего мировоззрения на основе концепции ахл-хадис. При этом описывается общее вероубеждение, в частности: их позиции по поводу сиппатов хабари\муташәбиһа и взгляды касательно понятия «иман», дается сравнительный анализ на основе школы Матуриди. Кроме того, отдельно рассматриваются правовые взгляды школы Деобанда и книги, подтверждающие эти взгляды, и утверждается, что все эти книги не согласуются с каноническими текстами ханафитской школы, потому что эти книги преподаются по их учебной программе в течение семи лет. Также описаны авторы этих книг по фикху. Затем были определены причины смещения этой школы в сторону консерватизма, несмотря на ее ханафитское направление. Также показано, как платформа вероубеждения и мировоззренческий столп движения Деобанд, то есть познания ахл-хадис, повлияли на его нынешнюю доктрину, а также сравнительно анализируется разница между

его прошлым и настоящим. В частности, оценивается взаимосвязь между учеными указанной школы и школой Ханафи/Матуриди. Таким образом, определяется эволюция школы Деобанд и делается вывод, насколько она соответствует принципам школы Ханафи/Матуриди, признанным в современном казахском обществе.

Ключевые слова: Деобанд, Ханафи\Матуриди, ханафитский мазхаб, эволюция, консерватизм, Ахли хадис, Дар уль-Улюм Деобанд.

Evolution of Deoband School Wordlview and its Connection with Maturidi School

Abstract: The article analyzes the history of the formation of the school in Deoband, its scientific direction, as well as the evolution of religious creed and the general worldview based on the concept of ahl-hadith. At the same time, the general belief is described, in particular: their position on the basis of habari\mutashabiha and views regarding the concept of «iman», comparative analysis based on the Maturidi school is given. In addition, the legal views of the Deoband school and books confirming these views are separately considered, and it is argued that all these books do not agree with the canonical texts of the Hanafi school, because these books are taught according to their curriculum for seven years. Also the article describes the authors of these fiqh books. In addition, the reasons for the shift of this school towards conservatism, despite its Hanafi direction, will be determined. Also, it is shown how the creed platform and the ideological pillar of the Deoband movement, that is, the knowledge of ahl-hadith, influenced its current doctrine, and the difference between its past and present is comparatively analyzed. In particular, the relationship between the scholars of the specified school and the Hanafi/Maturidi school is evaluated. Thus, the evolution of the Deoband school is determined and conclusion is made to what extent it corresponds to the principles of the Hanafi/Maturidi school, recognized in modern Kazakh society.

Key words: Deoband, Hanafi\Maturidi, Hanafi Madhhab, Evolution, Conservatism, Ahli Hadith, Darul Uloom Deobandi.

Кіріспе

Әлем мұсылмандарының басым бөлігін құрайтын төрт мәзһаб платформасында қалыптасқан суннилік бағыттың сенім жүйесі бүгінгі таңда Матуридилік және Әшғарилік сенім мектептерімен қатар, «*әһл әл-хадис/әһл әл-әсәр*» (әһлі әл-хадис анықтамасы: қандай да бір діни мәселеде қиясты кейінге қалдырып тіпті қолданбай әсар\хадис келмейінше ешқандай үкім бермеген ғұламалар тобы. Ол топқа; Имам Мәлік, имам Шафиғи және имам Ахмад ибн Ханбал сынды ғалымдар мен ізбасарлары жатады) мектебінен құралатыны белгілі. Мәзһабтар тарихы тақырыбында еңбек жазған ғалымдардың классикалық классификациясы бойынша, ханафилердің басым бөлігі (яғни Мауараннаһр мектебі өкілдері) Матуридилік сенім мектебін ұстанған, мәликилердің барлығы, шәфиғилердің дені және Ханбали мәзһабының белді өкілдері (фудалә у әл-ханабилә) әшғарилік сенімді ұстанған десек те, бүгінгі таңда аталған мәзһабтар кең тараған мұсылман елдерінің барлығында дерлік *әһлі әл-хадистен* шыққан сәләфилік мектептің азды-көпті ықпалы бар екені белгілі.

Тарихта ханафи\матуридилік бағытты ұстанған мұсылмандар арасынан бірде-бір

радикалды топтар, экстремистік ұйымдар шықпағаны назар аударарлық мәселе деп есептейміз. Алайда соңғы кездері елімізде діни радикализм және экстремизммен танылған сәләфилік бағыт өкілдері Деобанд мектебінен шыққан Талибандарды немесе бірқатар елдерде, соның ішінде біздің елде діни-экстремистік топ ретінде танылып, діни қызметіне заң жүзінде тыйым салынған Таблиғи жамағатты мысал етіп, ханафи\матуридилерден де діни радикалдардың шыққанын алға тартатын көзқарастар айтылып жүр. Осы орайда, зерттеу жұмысымыздың объектісі болған, Ханафи мәзһабы платформасында қалыптасқан Деобанд мектебінің жоғарыда аталған сенім мектептерінің қайсысын басшылыққа алатынын анықтап, дәйектеу әрі бұл мектептің дүниетанымдық эволюциясын зерттеу жұмысымыздың басты мақсаты. Бұл зерттеу жұмысында Деобанд мектебінің тарихы, қалыптасуына негіз болған діни-саяси алғышарттар, бастауында тұрған рухани көсемдерінің діни-ғылыми бағыты мен діни санасы және сенім жүйесі, ғықһи көзқарастары талданып, әр тақырыптың соңында ханафи\матуриди мектебінің қысқаша тұжырымы келтіріледі.

Әдіснама

Зерттеу жұмысында тарихи анализ, мәтіндерді талдауда герменевтика тәсілі, сондай-ақ, саяси оқиғаларға талдау жасау аясында дедукция мен индукция, салыстырмалы әдістер қолданылды. Зерттеуде арабша ұғымдар мен жиі кездесетін урду есімдеріне транслитерация жасалынды. Ағылшынша есімдер мен ұйым атауларының қазақша аудармасы беріліп, жақшаның ішінде ағылшын тіліндегі нұсқасы жазылды.

Негізгі бөлім

Қалыптасу тарихы

Деобанд мектебінің негізін Шах Уәлиулла әд-Даһлауи (1703-1767жж) қалағанымен, өзі тікелей Деобанд мектебі тұрғысында ешқандай еңбек жазбаған. Үнді жерінде Деобанд мектебінің құрылуы 1867 жылы қолға алынған. бар. Деобанд мектебінің екі көрнекті өкілі Мухаммед Убайдулла әс-Сағди әл-Қасими және шейх әл-Муқри Мухаммед Тайиб өз еңбектерінде бұл мектептің нақты үш бағыты барын атап көрсетеді: «Дінді берік ұстану: оның ішінде, Ханафи мәзһабына беріктік, көнені (дәстүрді) сақтау және сүннетті (бидғаттардан) қорғау» [1, 77 б.]. Деобандтық Мухамед Убайдулла әл-Қасими «*Дәрул Улум*» Дебандтық академиялық саясаттың басты принципі мен миссиясын былай түсіндіреді: «Студенттеріміз оқитын пәндерден күтілетін негізгі нәтиже - мұсылмандарға әсіресе, дін істерінде және жалпылама түрде дүниелік істерде бағыт-бағдар беретін ғалымдар мен қоғамды түзеп, оңалтушы тұлғалар дайындап шығару. Мұның бәрі Құран мен сүннет және адасу мен бидғаттың барлық түрінен ада болған кіршіксіз таза ислами сенім негізінде жүзеге асады» [1, 108 б.]. Бұл университет осы себепті Құран мен сүннетті түсінуге көмектесетін ілімдерді, ислами пәндерді негізге алады. Алайда жаратылыстану пәндер, тәжірибелік, техникалық яғни, заманауи ғылымдарға аса көп мән бермейді.

Ғылыми бағыты мен діни санасы

Деобанд медреселеріндегі діни таным мен білім беру жүйесі Ханафи мәзһабы

негізінде қалыптасқанымен, оған Үнді жеріндегі *әһлі хадис* мектебінің ықпалы зор болды. Себебі деобандтық ғалымдар өздерінің ғылыми генеологиясын Үнді субконтинентіндегі хадис мектебінің рухани көсемі, әйгілі мухаддис ғалым Шаһ Уәлиулла әд-Дәһләуи, оның ұлы Шейх Абдулазиз әд-Дәһләуи және Шейх Абдулазиздің жиен немересі Шейх Мухаммед Исхақ, бауырының ұлы әл-Алләмә, Мухи әс-Суннә әс-Сәид Исмаил әш-Шәһид және шәкірті әс-Сәид Ахмад ибн Ирфан әш-Шәһидтен бастайды [1, 757-762 бб.]. Шаһ Уәлиулла әд-Дәһләуи мен ізбасарлары ислам дінін арабтық түсінікке сай ұстану, өзге діндер мен мәдениеттердің ықпалы нәтижесінде мұсылмандар арасында пайда болған жат нанымдармен күресу, отаршылдар әкелген модернизм мен батыстық ой-санаға қарсы тұру, өзге діндегілерге еліктемеу, Құран мен сүннетке берік болу, дінді алғашқы буын мұсылмандар ұстаған қалпында сақтап, бидғаттар мен хурафалардан тазарту сынды идеяларды көтерді. Бұл ұстанымдар Шаһ Уәлиулла әд-Дәһләуидің ілімін басшылыққа алған, Деобанд мектебіне қатысы болсын-болмасын Үнді субконтинентінің барлық мухаддис ғалымдарына ортақ деуге болады. Бұдан Сәләфи-уаһһабилердің теоцентристік және иррационалды діни санаға негізделген әһлі хадис мектебінен, нақты айтқанда, Ханбали мәзһабынан шыққанын ескеріп, Деобанд мектебінен де аты Ханафи болғанымен, діни санасы мен түсінігі сәләфилерге ұқсайтын діндарлардың шыққаны таңқаларлық жағдай еместігін көреміз. Өйткені діни радикалды көзқарастар мен ұстанымдар белгілі бір діни-танымдық санадан туындайды. Барлық радикалдарға ортақ діни сана - иррационалды, либералистік және буквалистік діни сана екені белгілі. Басқаша айтқанда, аталған діни санаға ие кез-келген діндардың дәстүрлі мәзһабы қандай болмасын радикалдануы табиғи құбылыс. Осындай діни сана барлық сәләфи-уаһһабилерге ортақ. Негізгі мәселе жалпы дінді, діни мәтіндерді пайымдауда үлкен рөл ойнайтын діни-танымдық санада жатыр. Осыған сай иррационалды, теоцентристік және буквалистік діни санамен, сондай-

ақ, өзіндік хадис методологиясымен ерекшеленетін *әһлі хадис* өкілдерінің азды-көпті ықпалы нәтижесінде, Үнді субконтинентіндегі ханафилердің ішінен Талибан, Таблиғи жамағат, Инкар Яқин сынды фундаменталистік бағыттағы ұйымдардың шығуын табиғи жағдай деп бағалауға болады. Ал Имам Ағзам мен Имам Матуридидің рационалдық және антропоцентристік сипаттағы діни ілімін, тәуил теориясы мен хадис методологиясын басшылыққа алған Ханафи-Матуридилерден радикал көзқарастар немесе топтар шыққан емес. Аталған діни-танымдық сана мен түсініктердің әрқайсысы діни сенімдік және фикһи мектептердің ғылыми әдіснамасы мен концепциясына, сәйкесінше діндарлардың діни түсінік-пайымдары мен ұстанымдарының қалыптасуына өзінше ықпал етеді. Бұл әсіресе, діни идеологияның негізін құрайтын ақида ілімінде өзекті [2].

Ақидалық ұстанымдары

Деобанд мектебі діннің практикалық көрінісінде Ханафи мәзһабын ұстанғандықтан, сырттай баға берілгенде олардың сенімін Матуридиге жатқызу қалыптасқан. Дегенмен олар өздерінің Матуриди не Әшғари екенін нақты айтпайды. «*Дар әл-улум Деобанд*» ислам университетінің бұрынғы ректоры, үндістандық ғұлама Шейх Муқри Мухаммад Таиб (1897-1983 жж.) «Деобанд ғалымдарының діни бағыты мен мәзһабтық ұстанымдары» атты кітабында: «Деобанд ғалымдары Әшғари де, Матуриди де емес, олар тек қана (екеуінің арасындағы) ортаңғы жолды ұстанады» деп жазады. Ол деобандтықтардың ақида іліміндегі әдіснамасы мен ұстанымдарын былай деп баяндайды: «Ал енді кәләмдық мәселелерге келсек, Деобанд ғалымдары ол мәселелерде де, қалыпты әрі концептуалды ұстанымда болған. Олар пікірталас тудырған сенімдік мәселелерде өзгені даттау, жазғыру, қабылдау және тәрк етудің орнына, барынша үйлестіру әрі қайшылықтарды жою жолын таңдады. Ендеше, бұл мәселеде алдымен Деобанд ғалымдары Әбу әл-Хасан Али әл-Әшғариге (324/936 қ.ж.) ере ме, әлде Әбу Мансур Мухаммед әл-Матуридиге (333/944 қ.ж.) ере ме? деген заңды сұрақ туындайды.

Мұның жауабы: Әсілінде Деобанд өкілдері матуридилер деп танылады, бірақ бір бөлігі өздерін Әшғаримыз деп есептейді. Өйткені *біріншіден*, өздеріне ғылыми мұра қалдырған олардың ең үлкен ұстазы Шаһ Уәлиулла Ахмад ибн Абдуррахим әд-Дехләуидің сенімі Әшғари екендігі оның ұстанымынан анық байқалатын. Сондықтан олар өздерін Әшғаримыз деп есептейді. *Екіншіден*, Деобанд ғалымдары дәріс, лекция, жазған еңбектері мен діни дискурстарында Әшғарилік ұстанымдарды негізге алады. Алайда (олардың қос мектепті біріктіріп, екеуінің ортасын ұстауға тырысатын ұстанымдарына қарап) оларды Әшғарилікке қарай ойысқан Матуридилер деп сипаттаған дұрыс, мұны өздері де мойындайды [3, 253-270 бб.]. Әсілі олар Әшғарилік пен Матуридилікті біріктіре отырып ұстанушылар. Олардың осы мәселеге қатысты барлық зерттеулерін зерделегенде Әшғарилер мен Матуридилердің арасындағы пікір қайшылықтары түптеп келгенде формалды қайшылықтар (хиләфәт сурия\лафзи) екені айқындалады...» [3, 252-253 бб.]. Автор аталған екі сенім мектебі арасын қалай үйлестіретіндерін *хусн-кубх* (жақсылық пен жамандық) мәселесі, иманның артып-кемуі мәселесі және адамның күш-қуаты (иститағат) мәселесі сынды Матуридилер мен Әшғарилер арасындағы таласты тақырыптар мысалында көрсетеді. Шынтуайтында Матуридилік пен Әшғарилік сенім мектептерінің ақидалық концепцияларын үйлестіру тенденциясы сонау ортағасырлардан бастау алады. Шафиғи мәзһабы мен Әшғари мектебінің көрнекті өкілі Таж әд-Дин әс-Субкидің (771/1370 ж.қ.) әл-Қасида ән-Нуниясынан, имам ат-Тафтазанидің Нәсәфи ақидасына жазған шархы сынды Әшғари және Ханафи-Матуриди ғалымдарының бір-бірінің мәтіндеріне жазған шархтары мен хашияларынан екі мектепті үйлестіру тенденциясын анық көруге болады. Ғалымдар кәләм ілімінің тарихындағы бұл кезеңді *мархаләтул-мәзж* (қос мектептің бір-бірімен біте қайнасу кезеңі) деп атаған. Нәтижеде әу баста, яғни бір-бірін жаңа тани бастаған кезеңде (мархаләту тааруф) бір-бірінің кейбір ақидалық ұстанымдарын қатты сынап, тіпті, бірін-

бірі бидғатпен айыптауға дейін барған екі мектеп өкілдері уақыт өте келе, бір-бірінің дәлел-дәйектерін көріп, логикасы мен көзқарастарын түсініп, араларындағы қайшылықтар тек тармақ мәселелерде және олардың басым бөлігінің «лаф-зи» қайшылықтар екенін, яғни бір-бірін бидғатпен, адасушылықпен айыптайтындай мәселелер емес екеніне келісті. Осылайша Матуридилік пен Әшғарилік *әһлі сунна* бағытының төрт фикһи мәзһабы платформасында қалыптасып, дамыған қос сенім мектебі болып қабылданды.

Хабару\муташабиһ сиппаттарға қатысты ұстанымдары

Деобанд мектебінің алғашқы буын ғұламаларының муташабиһ сипат-тарға қатысты ұстанымы Матуриди ұстанымымен бірдей деуге болады. Яғни, олар алғашқы үш буын *сәләф-салих* ғалымдарының мүтәшәбиһ сипаттарды бекітіп, мағынасын Аллаға тапсыру (исбәт уә тафуид әл-мағына) әдісін басшылыққа алады, сонымен қатар *әл-халәф* кейінгі ғалымдарының аталған сипаттарды бекіткеннен кейін, антропоморфизмге қарсы тәуил жасау әдісін де толық мойындайды. Дегенмен қазіргі таңдағы ғалымдарының бұл мәселедегі ұстанымы бөлек. Себебі бұған соңғы жарты ғасырда *сәләфи-уаһһабилік* ілімнің ислам әлеміне кең насихатталуы, белгілі діни-ғылыми орталарда және жалпы қарапайым мұсылмандар арасында діни идеология ретінде кең таралуы түрткі болды деп айтуға болады. Сөзімізді дәлелдей түссек: *Алғашқы буын ғалымдарының көзқарасын алсақ*, шейх Халил Ахмад ас-Саһаранфури (1853-1928 жж.) былай деген: «Біздің ондай аяттарға қатысты айтарымыз - біз ондай аяттарға «қандай» (*кейфә*) деген сұрақ қоймастан иман келтіреміз. Біз алғашқы буын ғұламаларымыздың (*сәләф-салих*) көзқарастарына сай Алла тағаланың жаратылыстарға қатысты сипаттардан, кемшілік және кейіннен пайда болған нәрселерге тән белгілерден (*симәт ан-нақс уә әл-худус*) толық ада және асқақ екеніне кәміл сенеміз! Ал кейінгі буын ғалымдарымыздың (*әл-халәф*) ондай аяттарға қатысты айтқан сөздеріне келсек, олар аталған аяттарды терең түсінбейтіндерге барынша түсінікті болуы үшін, тілге және шарифатқа сай дұрыс

тәуилдер (ықтимал мағыналар) негізінде тәпсірлейді. Истәуә сөзінің мағынасы меңгеру, иәд сөзінің мағынасы күш-құдіретті білдіреді. Бұл әдіс те біз үшін хақ. Ал Хақ Тағалаға белгілі бір тарап пен мекен теліп, бекітуге жол бермейміз. Бұл мәселеде: Хақ Тағала - тарап пен мекеннен және кейіннен пайда болған нәрселерге тән белгілерден (*симәт әл-худус*) ада деп айтамыз». Сондай-ақ шейх Хусейін Ахмад әл-Мәдәни (1879-1957/8 жж.) де дәл осы пікірде [4, 64 б.]. *Қазіргі таңдағы ғалымдарының көзқарасына келсек*, бүгінгі Деобанд мектебінің бетке ұстар үлкен ғалымы, *Дәрул Улум* Карачидің және Уифәқ әл-Мәдәрис деп аталатын Пәкістандағы діни оқу орындарының білім бағдарламасын жасап, бекітетін Басқарма басшысы шейх Мұхамед Тақи Усманидің мүтәшәбиһ сипаттарға қатысты ұстанымын келтірейік. Ол былай деген: «Расында Құран Кәрімде және сүннетте келген әл-Иәд, әл-Айн, Истәуә'ала әл-Арш және т.б. сипаттарды бекіту мәселесінде мұсылмандар бірнеше көзқарастыалға тартқан. Біріншісі, антропоморфистердің (*мушәббихә, мужассима*) көзқарасы. Екіншісі, сипаттарды жоққа шығарушылардың (*жәһмия, муаттыла*) көзқарасы. Мұсылман ғалымдары бұл екі көзқарастың жалған екеніне бірауыздан келіскен. Ал *әһлі сүннет* ғалымдарының мұндай мәтіндерді (*аяттарды*) тәпсірлеуде басшылыққа алатын бірнеше жолы бар: 1. Барлық *сәләф-салих* ғалымдарының мәзһабы (көзқарасы, ұстанымы) бойынша мән-мағынасын Алладан басқа ешкім білмейтін мүтәшәбиһ мәтіндерге келгенде, тоқтау және үндемеу міндеттеледі. Оларды тәпсірлеудің қажеті жоқ. Оларға жалпылама иман келтіреміз және олардан меңзелген мағына хақиқи (тілдік тура мағына) немесе мәжәзи (метафоралық ауыспалы мағына) деп кесіп, еш нәрсе айтпаймыз. Керісінше олардың мә-мағынасына еш үңілместен, Алла Тағала біледі деп Өзіне тапсырамыз. 2. Бір топ *сәләф-салих* ғалымдар болса, Алла Тағала ондай *мүтәшәбиһ* мәтіндерде хақиқи (тілдік, тура) мағынаны меңзеген деп сенеміз дейді. Алайда Аллаға телінген ондай сөздердің тура мағынада болуы, дәл сол сөздердің жаратылысқа және кейіннен пайда болған нәрселерге

(*әл-хауадис*) телінгендегі тілдік, тура мағынадан бөлек. Алла Тағаланың Өзінің ұлылығына сай тілдік, тура мағынада «қолы» бар, бірақ ол жаратылыстардың қолы сияқты емес, өйткені Алла Тағалаға еш нәрсе ұқсамайды. Ал Оның «қолының» ақиқатын және қандай екенін білу мүмкін емес, сондықтан оны Алла Тағалаға тапсырамыз. 3. Кейбір *сәләф-салих* ғалымдары мен көптеген хәләф ғалымдар мұндай мүтәшәбиһ мәтіндер антропоморфизмге жол бермейтіндей тәпсірленеді деген ұстанымды алға тартқан. Олар аталған мәтіндерді метафоралық ауыспалы мағынада деп пайымдайды. Мысалы, «қол» сөзін күш-қуат мағынасында, «истәуә» сөзін құдіретімен билеп, меңгеру мағынасында деп айтады. 4. Біраз ғалымдар аталған үш әдістің екеуін бірге қолданған. Арабтардың сөздеріне сай қиыннан қиыстырмастан тәуил жасауға келетін мәтіндерді тәуил әдісімен пайымдау жолын таңдаған, сонымен қатар, қисынды тәуил жасауға келмейтін мәтіндерге келгенде, аталған алғашқы әдісті немесе екінші әдісті таңдайды», - дей келе шейх Мұхамед Тақи Усмани аталған төрт әдістің барлығының өз деңгейінде дұрыс екенін, жеке-жеке алып қарағанда ешбірінің түбегейлі жалған немесе адасушылыққа жатпайтынын айтады [1, 544-546 бб.]. Шейх Мұхамед Тақи Усманидің *әһлі сүннә* ғалымдарының мүтәшәбиһ сипаттарды пайымдау әдістеріне қатысты бұл талдауында Матуриди және Әшғари ғалымдарының ұстанымы мен сәләфилік бағыттағы ғалымдардың ұстанымын үйлестіруге тырысқанын көреміз. Ислам тарихында ақидалық мектептерді, нақты айтқанда, Матуридилік пен Әшғарилік сенім мектептерін теологиялық тұрғыдан үйлестіру үрдісі болғаны рас және бұл үрдіс ғылыми, теологиялық тұрғыдан қисынды әрі жемісті болды деп айта аламыз, өйткені қос сенім мектебі арасындағы теологиялық мәселелерге қатысты айырмашылықтар негізінен тармақ мәселелер бойынша еді. Яғни, аталған қос сенім мектебі арасындағы теологиялық пікірталастар идеологиялық емес, таза ғылыми негізде болды. Алтақырыбымызға арқау болған мүтәшәбиһ сипаттар бойынша сәләфилік бағыт өкілдерінің әдісі мен

ұстанымы біздің мектептің ғылыми әдісі мен ұстанымына түбегейлі қайшы келеді, сондықтан да бұл екі тарап үшін де діни-идеологиялық және принциптік мәселеге айналған. Демек, мүтәшәбиһ сипаттар бойынша Матуридилік және Әшғарилік әдіс пен ұстанымды сәләфилік ұстаныммен таза теологиялық тұрғыдан үйлестіру мүмкін емес. Себебі Матуриди және Әшғари ғалымдары ондаған ғасырлар бойы мүтәшәбиһ сипаттар келген аяттар мен хадистерді теологиялық әрі эгзегетикалық әдістер негізінде талдап, пайымдағанда исбат және тәуил әдісін (3-әдіс), сонымен қатар, исбат және тафуид әлмағына әдісін (1-әдіс) ғана басшылыққа алып, сәләфи ғалымдары ұстанатын исбат және тафуид әл-кейф әдісін түбегейлі теріске шығарған. Міне, сондықтан да Алланың есім-сипаттары, оның ішінде мүтәшәбиһ сипаттары бойынша Матуридилік және Әшғарилік әдіс пен ұстаным да дұрыс, сәләфилік әдіс пен ұстаным да дұрыс деу нағыз диссонансты тұжырым.

«Иман» ұғымына қатысты көзқарастары

Деобанд ғалымдары иман ұғымын пайымдауда негізінен Әшғари және Матуриди ақидасын басшылыққа алумен қатар, *әһлі хадис* ғалымдарының, соның ішінде шейх Ибн Тәймияның да көзқарастарын толыққанды ескереді. Сондай-ақ иман ұғымын пайымдаудан туындайтын иман мәселелеріне талдау жасағанда *әһлі сүннет* мектептерінің (матуриди, әшғари және әһлі хадис) ұстанымдарын синтездеу арқылы барлығына ортақ тұжырым шығаруға тырысады. Суннилік бағыт мектептері арасындағы иман-амал арақатынасы, иманның артып-кемуі, иманда истисна жасау сынды мәселелердегі айырмашылықтар негізінен *лафзи* (формалды) деген тұжырымды алға тартады. Ал иман ұғымының түпкі мәнін пайымдауда және содан туындайтын иман мәселелеріне қатысты суннилік бағыт пен харижилердің, мұғтазилалардың, муржиялардың және жәһмилердің ұстанымы арасында «мағнауи» (мәндік, мазмұндық) түбегейлі қайшылық бар екені белгілі. Деобанд ғалымдары *әһлі сүннет* мектебінің өкілдері ретінде аталған діни топтардың ұстанымдарын түбегейлі

терістейді. Сонымен қатар, деобандтықтар бүгінгі сәләфизмнің ішіндегі неохарижилік, тақфирилік сенімге түбегейлі қарсы.

Фиқһ тұрғысындағы ұстанымдары

Деобанд мектебі, жоғарыда да айтып өткеніміздей, Ханафи-Матуриди негізінде құрылған. Дегенмен ақидалық көзқарастарында алғашқы кезеңдерге қарағанда кейінгі кездері эволюцияға ұшырағанына толықтай көз жеткіздік. Енді Деобанд мектебінің фиқһ тұрғысында қаншалықты Ханафи мәзһабына беріктігіне тоқталайық. Деобанд мектебі өкілдерінің фиқһ тұрғысындағы ұстанымын білу үшін олардың оқу орындарында фиқһ бойынша берілетін пәндерге анализ жасау қажеттігі туындайды. «*Дарул улумға*» тиесілі оқу орындарында фиқһ ғылымы сегіз жыл оқытылады. Фиқһ саласы бойынша таңдалған кітаптардың барлығы Ханафи мәзһабы бойынша. Атап айтсақ: алғашқы жылы Ханафи мәзһабында бастауыш еңбек саналатын «Нұр әл-Идах» кітабы. Авторы: Әбу әл-Ихлас Хасан ибн Аммар ибн Әли әл-Мысри әш-Шурунбуләли (1069 h.). Екінші жылы «Мухтасар әл-Қудури» Авторы: Ахмад ибн Мухаммад ибн Ахмад ибн Жағфар ибн Хамадан Әбу әл-Хайсан әл-Қудури. (428 h.). Үшінші жылы Әбу әл-Баракат Насафидің (710 h.) «Кәңз әд-Дақайқ» атты кітабы. Төртінші жылы Убайдулла әл-Махбубидің (747 h.) «Шарх әл-Уйқая» кітабы. Ал, бесінші, алтыншы және жетінші жылдары Деобанд оқу орындарында Ханафи мәзһабының ең маңызды әрі Орта азия мен Қазақстан медреселерінде оқытылған Имам Марғынанидың (593 h.) «әл-Һидая шарх Бидаят-у-л Мубтади» атты кітабы. Кітап ауқымды болғандықтан үш жылға бөліп оқытылады. Сондай-ақ, «әл-Һидая» кітабы Түркия елінде діни қызметкерлердің білімі мен біліктілігін жетілдіретін әйгілі оқу орны Хасеки академиясында да фиқһ саласы бойынша оқытылатын негізгі кітаптардың бірі [5]. Ал, сегізінші жылы аталмыш оқу орындарында білімді тереңдету мақсатында «Фиқһ әт-тахассус» деп аталатын бір жылдық білім беру тағы бар. Бұл жылы фиқһ саласы бойынша Инб Абидиннің (1252 h.) «Хашиясы» оқытылады [6]. Тұжырымдайтын болсақ, Деобанд мектебінің фиқһ саласы бойынша оқу орындарында оқытылатын

бүкіл еңбектері Ханафи мәзһабына тиесілі. Бұл еңбектер кез келген Ханафи мәзһабын жетік үйренемін деушілерге маңызды кітаптарға жатады. Бұл Деобанд өкілдерінің фиқһтық ұстанымдары толықтай ханафи бағытында екенін дәлелдейді. Ал, кейбір ұлттық, аймақтық, саяси астары бар фиқһи мәселелерге келетін болсақ, оларды Деобанд білім беру жүйесіндегі фиқһ саласының басты ұстанымдары ретінде емес, сол ұлт, аймақ немесе жергілікті жердің саяси астарына қарай талдап, оны базалық білім берудің негізі ретінде қарастырмау керек.

Қорытынды

Қорыта айтатын болсақ Деобанд мектебі және оның өкілдері жалпы діни ұстанымдарында атап айтсақ – ақида саласында сырттай Ханафи-Матуриди деп танылғанымен негізгі ұстанымдары (жоғарыда Алланың хабари сипаттарында, муташабиһ аяттарда) Матуридилік сенім ұстанымын толық ұстанбайды. Кей жерде Әшғарилікті, кей тұста жалпылама *әһли хадистің* бағытын тіпті кейде Сәләфилердің пікірін де қолдайтыны байқалады. Сондай-ақ, фиқһтың көзқарастарында да консервативті мұсылманшылықты алға тартады. Ал, Ханафи-Матуриди мектебін тұтас салыстыра саралап, ондағы ақида және фиқһ нормаларын аксиологиялық тұрғыдан зерделегенімізде, Әбу Ханифа мен ізбасарларының діни методологиясында антропоцентристік ұстанымды басшылыққа алғандығын байқаймыз. Бұл да негізінен Құран мәніне сай ұстаным. Онтологиялық тұрғыдан да адамзат мына ғаламның ішіндегі ең басты жаратылыс. Телеологиялық тұрғыдан пайымдағанда да Алла мына әлем, дін жолымен адам баласына иләһи сынақта екі дүниеде бақытқа жетуін мақсат еткен. Дін – адамның жан мен тән бірлігін, ақыл-ой мен сезім тазалығын сақтап, осы дүние мен ақырет арасындағы тепе-теңдікті орнататын рухани институт. Сондықтан діни нормалардың мәнін дұрыс түсінудің шарты – антропоцентристік (адам өзекті діни сана) ұстаным екендігі белгілі. Демек, Деобанд мектеп өкілдері ақида саласында антропоцентристік салада емес, теопоцентристік салада қалыптасқан. Ал,

фиқһтық ұстанымдары Әһлі рай мектебі өкілдері ретінде мес *әһли хадис* өкілдері негізінде қаланып, діни консервативтікті алға тартқан. Діни антропоцентристік бағытты ұстанған Ханафи-Матуриди мектебінің негізгі ұстанымдарын ашатын бір-екі мысал келтірейік. *Адам құны мәселесі*: Әбу Ханифаның көзқарасы бойынша адам құны мейлі ол еврей, христиан немесе отқа табынушы болсын, бірдей мөлшерде қарастырылады. Өзге дін өкілін өлтірген мұсылманға да қысас үкімі орындалады. Ал Мәдиналықтар христиан немесе еврей өлтірілген жағдайда, олардың құны мұсылманның жартысы, ал отқа табынатындардікі одан да төмен деп бағалаған. Сондай-ақ, бұларды өлтірген мұсылманға қысас үкімі қолданылмайтындығын алға тартқан. Әбу Ханифаның барлық адамдардың теңдігі туралы идеясы бүгінгі күні де мәдениеттер жақындығы жағдайында өзекті. Бұл ұстаным Мұхаммед пайғамбар (с.а.у.) өсиетімен де үйлесімді. Ол қайтыс боларында: «Сендерге әһли кітап иелері – христиандар мен еврейлерді аманат етемін», – деп өсиет қалдырған. Халифалар осы өсиетті бұлжытпай орындаған. Хазіреті Омар (р.а.) көшеде күн көріс қиындығынан қайыр тілеген қарт зиммиді көргенде: «Жас кезінде жизия салығын алып, қартайғанда көшеге тастауға болмайды», – деп мемлекет қазынасынан осындай күйдегі өзге дін өкілдері үшін арайы жәрдемақы тағайындатқан. Бұған қоса өзінен кейінгі халифаларға да зиммилердің құқығын қорғауды, оларға пана болуды табыстаған [7, 712 б.]. Әбу Ханифаның шығарған үкімдерінде кім болмасын адам баласының жеке басына деген қадір-қасиетке назар аударылған. Бұл жаһандық маңызды ұстанымға негіз бола алады [8, 344 б.]. *Иманда истисна мәселесі*: Жалпы ханафиердің, соның ішінде имам Матуридидің ұстанымы бойынша иманда «истина» (яғни «Алла қаласа, мүмінмін, Алла бұйырса, мұсылманмын» немесе «мүмін бе, жоқ па бір Алла біледі» деген күмәнді білдіретін сөздерді айтуға) болмайды. Матуриди пікірінше, иман – жүректен жасалатын байлам әрі нақты келісім-шарт. Байлам мен келісім-шартта «истисна» (күмән мен

сенімсіздік) болмауы тиіс. Өйткені «истисна» нақты байлам мен келісімді бұзатын нәрсе. Мысалы, нақты байлам мен келісім-шарт негізінде жүзеге асатын сауда-саттық, неке және талақ сынды істерде «истисна» (күмән мен сенімсіздікті білдіретін сөздер) қолданылмайды, қолданылған жағдайда аталмыш істер жүзеге аспайды. Жүректің ісі/байлауы болған иман да сол сияқты. Иман мәселесіндегі күмән – шайтанның уәсуәсасы. Ол иман мәселесінде күмән туғызу арқылы жүректегі нақты байламды бұзуды көксейді [9, 464,577,459 бб.]. Матуриди пікірінше, адам баласы иманға өз ерік-қалауымен, саналы түрде келуі керек. Мәжбүрлі иман шынайы иман болып саналмайды [10 638 б.]. Иманға келу, тура жолға түсу Алланың қалауы, қолдауымен болса да, мұнда адамның да ерік-қалауының үлкен рөл ойнайтыны даусыз. Осыған байланысты Матуриди иман мәселесін пайымдауда бәрінен бұрын адамның ісіне және таңдауына/ерік-қалауына және адамның діни өзекті сана екеніне баса назар аударады. Бұл мәселеде имам Матуридидің жүгінген дәлелдеріне тоқталайық. «Бақара» сүресінің 285 аятында Алла Тағала: «Хақ расул өзіне Раббысынан (уахи арқылы) түсірілгенге иман келтірді, мүміндер де (иман келтірді)» деп, расулы мен мүміндердің шын жүректен иман келтіргеніне куә болған. Матуридидің пікірінше, бұл аят та иман мәселесінде күмәндануға болмайтынын білдіреді. Өйткені бұл аяттан иманда «истисна» екі түрлі мағынаны білдіреді деген тұжырым шығады: Біріншісі Алланың бұйрығы болған иман келтіру ісінде күмәндану дегенді білдірсе, екіншісі Алланың сөзіне шәк келтіруді білдіреді. Екі жағдайда да күмәншілдер құрдымға кетеді [9, 464,577,459 бб.]. (Тақырыпқа кеңірек қарау үшін имам Матуридидің Тәуилат кітабынан төмендегі аяттардың тәлсіріне қайту керек: Бақара сүресі-136, Хужурат сүресі -15, Әл-Анғам сүресі -161 т.б.) Хадиске келсек, Алла елшісінен (с.а.у.) «Ең абзал іс не?» деп сұралғанда: «Күмәнсіз немесе күмән араласпаған иман...» деп жауап берген [9, 464,577,459 бб.].

Көріп отырғанымыздай, Деобанд құбылысы бастапқы кезеңде Ханафи-Матуриди мектебі негізінде іргесі

қаланғанымен, уақыт өте келе белгілі бір саяси-ұлттық мәселеге байланысты фундаментализмге ұрынған. Аз уақыттың ішінде дүниетанымдық қайшылыққа түскен. Фикһи мәзһабтарда бұл тұрғыда өзіндік ешқандай мәселе жоқ. Қазақстандық қоғамдық шындықта кейбір сәләфизм бағытының өкілдері де кей тұстарда қоғам тарапынан келген сыни сауалға «Біз Ханафи мәзһабын ұстанамыз» деп мәлімдеп жүр. Міне, дәл осы кейс бізге мәселе фикһи мәзһабта емес екендігін айғақтайды. Біздегі пікірталас, қайшылық – дүниетанымдық қайшылыққа жатады. Мақала түйіні ретінде мынадай тұжырымды алға тартамыз: фикһи мәзһабы ұстану адамның танымына көп әсер етпеуі мүмкін. Алайда қай ақидалық яки дүниетанымдық мектепті ұстанғанына қарай, ол адамда белгілі бір таным қалыптасады. Сол танымның негізінде оның қоғамдық ортадағы мінез-құлқы, ұстанымы, әрқандай қоғамдық құбылыстарға реакциясы көрініс табады. Имам Әбу Ханифа қалыптастырған *әһли рай* танымын – діннің кез келген заман мен мекенде динамикалық дамуын қамтамасыз ететін методика деп айтуға болады. Ал оған қарама-қарсы мектеп *әһли хадис* танымы бұл адамды орта ғасыр шарттарына тартатын, сол арқылы фундаментализмге ұрындыратын методика. Деобанд бағытының Ханафи мәзһабын ұстана отырып, радикалды көзқарасқа ойысуына түрткі болған осы екінші таным деп тұжырымдауға негіз бар.

Қаржыландыру

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті тарапынан № BR24993035 – «Қазақстандағы дәстүрлі ислам: ғылыми-тәжірибелік негіздері мен дамыту жолдары» атты бағдарламалық-нысаналы ғылыми жоба аясында қаржыланды.

Әдебиеттер тізімі

1 әл-Матуриди А. Тауилату ахлу сунна. – Каир: Дарул кутуб илмия баспасы, 2005. – 638 б.
2 Әл-Касими М. О. Дарул Улум Деобанд. – Индия: Шейх Академиясы, 2000. – 77 б.
3 Акимханов А.Б. Әбу Мансур әл-Матуридидің иман мәселелеріне қатысты ұстанымы («Китәб әт-тәуиләт» атты еңбегі негізінде). Философия докторы (Ph.D.) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған

диссертация. – Алматы: Нұр-Мұбарак баспасы, 2016. – 204 б.

4 Таеб М. Уламаи Деобанд. – Индия: Дарул улум Деобанд, 2012. – 253 б.

5 Әкімханов А., Абдулхаким Б. Дар-у улум деобанд ғұламаларының саяси ұстанымы // Адам әлемі. – 2022. №4(94). – Б. 145-168.

6 Мухитдинов Р.С. Деобанд оқу орындарында оқылатын фикһ еңбектері // Адам әлемі. – 2023. – №3(97). Б. – 138-144.

7 Әл-сахарнфури М.Х. Әл-Муханнад ала мақад ақайди уламаи Дуюбанд. – Сауд Арабия: Әл-муһажир әл-мадани баспасы. – 125 б.

8 Әбсаттар Д. Руханият және Өркениет. – Алматы: Атамұра баспасы, 2023. – 712 б.

9 el-Maturidi E. Tevilatü-l-Kuran. / tahkik Vanlioğlu A. – İstanbul: Mizan yayınevi, 2005. – C. 1. – 464 s.

10 Hakkı Ünal İ. İmam Ebu Hanife'nin Hadis Anlayışı ve Hanefi Mezhebinin Hadis Metodu. – Ankara: Diyanet İşleri Başkanlığı Yayınları, 2012. – 344 s.

Transliteration

1 Al-Maturidi A. Tautilatu ahlu sunna [Interpretations of the People of the Sunnah]. – Kair: Darul kutub ilmija baspasy, 2005. – 638 b. (in Arabic)

2 Al-Kasimi M. O. Darul Ulum Deoband [Deoband School of Knowledge]. – Indija: Shejh Akademijasy, 2000. – 77 b. (in Arabic)

3 Akimhanov A.B. Abu Mansur әl-Maturididin iman maselelerine katysty ustanymy («Kitab at-ta'uilat» atty enbegi negizinde) [The Position of Abu Mansur al-Maturidi on Issues of Faith] (Based on the Work «Kitab al-Tawilat»). Filosofija doktory (Ph.D.) gylymi darezhesin alu ushin дайындалған dissertacija. – Almaty: Nur-Mubarak baspasy, 2016. – 204 b. (in Kaz)

4 Taeb M. Ulamai Deoband [Scholars of Deoband]. – Indija: Darul ulum Deoband, 2012. – 253 b. (in Arabic)

5 Akimhanov A., Abdulkhakim B. Dar-u ulum deoband gulamalarynyn sajasi ustanymy [The Position of Abu Mansur al-Maturidi on Issues of Faith] // Adam alemi. – 2022. – №4(94). – B. 145-168. (in Kaz)

6 Muhitdinov R.S. Deoband oku oryndarynda okylatyn fikh enbekteri [Fiqh Works Taught in Deoband Educational Institutions] // Adam alemi. – 2023. – №3(97). – B. 138-144. (in Kaz)

7 Al-Saharnfuri M.H. Al-Muhannad ala makad akaidi ulamai Dujuband [The Sword on the Disproved Regarding the Beliefs of the Scholars of Deoband]. – Saud Arabija: Al-muhazhir al-madani baspasy. – 125 b. (in Arabic)

8 Absattar D. Ruhaniyat zhane Orkeniet

Әкімханов А.Б., Жәненұлы Ә., Бағашаров Қ.С., Оқан С.

[Spirituality and Civilization]. – Almaty: Atamura baspasy, 2023. – 712 b. (in Kaz)

9 el-Maturidi E. Tevilatü-l-Kuran. / tahkik Vanlıoğlu A. – İstanbul: Mizan yayınevi, 2005. – C. 1. – 464 s. (in Turkish)

10 Hakkı Ünal İ. İmam Ebu Hanife'nin Hadis Anlayışı ve Hanefi Mezhebinin Hadis Metodu. –

Ankara: Diyanet İşleri Başkanlığı Yayınları, 2012. – 344 s. (in Turkish)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Асқар Болатұлы Әкімханов

қауымдастырылған профессор, PhD, Нұр-Мүбәрак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, email: akimhan.ilyas@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-1835-0597

Әділ Жәненұлы

PhD докторант, Нұр-Мүбәрак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, email: adilzhanen@gmail.com.

Құдайберді Сабыржанұлы Бағашаров

қауымдастырылған профессор, PhD, СДУ университеті, Қаскелең, Қазақстан, email: kudaiberdi1981@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-0051-9163

Самет Оқан

қауымдастырылған профессор, PhD, Нұр-Мүбәрак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, email: samet_05@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-7764-6577

Аскар Болатович Акимханов

ассоциированный профессор, PhD, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, email: akimhan.ilyas@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-1835-0597

Адил Жаненулы

Phd докторант, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казакстан, email: adilzhanen@gmail.com

Кудайберди Сабыржанович Бағашаров

ассоциированный профессор, PhD, СДУ университет, Каскелен, Казахстан, email: kudaiberdi1981@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-0051-9163

Самет Оқан

ассоциированный профессор, PhD, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, email: samet_05@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-7764-6577

Askar Akimhanov

Associate Professor, PhD, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan, email: akimhan.ilyas@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-1835-0597

Adil Zhanenuly

PhD student, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan, email: adilzhanen@gmail.com

Kudaiberdi Bagasharov

Associate Professor, PhD, SDU University, Kasekelen, Kazakhstan, email: kudaiberdi1981@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-0051-9163

Samet Okan

Associate Professor, PhD, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan, email: samet_05@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-7764-6577